

"Қашықтықтан білім беру технологиялар бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бүйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 28 тамыздағы № 374 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 29 тамызда № 21147 болып тіркелді

БҮЙЫРАМЫН:

1. "Қашықтықтан білім беру технологиялар бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бүйрығына (ҚР нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тізілімінде № 10768 болып тіркелген, 2015 жылғы 12 маусымда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

Қашықтықтан білім беру технологиялар бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары осы бүйрыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің техникалық және кәсіптік білім департаменті заннамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бүйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Зан департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында қарастырылған іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік жасайтын Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі

A. Аймагамбетов

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2020 жылғы 28 тамыздағы
№ 374 Бүйрыққа
қосымша

Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 25) тармақшасына сәйкес әзірленген және меншік нысанына және ведомствоның бағыныстырығына қарамастан білім беру ұйымдарында қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

2. Қашықтықтан білім беру технологиясын (бұдан әрі – ҚБТ) пайдалану арқылы оқу процесін ұйымдастыру Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандығы № 604 бүйрекшімен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17669 болып тіркелген) тиісті білім беру деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары (бұдан әрі - МЖМБС) және білім беру бағдарламалары негізінде жүзеге асырылады.

3. ҚБТ-ны іске асыру теледидарлық, желілік және кейс-технология бойынша жүзеге асырылады.

4. ҚБТ-ны пайдалана отырып, оқу процесін жоспарлау мен ұйымдастыру да оқу түрлері бойынша уақыт нормаларын білім беру ұйымдары өз бетінше белгілейді.

5. Осы Қағидаларда мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) білім беру порталы – ҚБТ бойынша білім беру процесін ұйымдастыруға мүмкіндік беретін әкімшілік-академиялық және оқу-әдістемелік ақпараты бар ақпараттық ресурстар мен Интернет сервистерінің желілік-ұйымдастыру өзара байланысқан жиынтығы;

2) DBA бағдарламасы – DBA бағдарламасы басқарушы кадрларды, практикалық тәжірибесі бар, сондай-ақ менеджменттің заманауи тұжырымдамалары мен модельдерін менгеру және дамыту үшін қолданбалы зерттеулер жүргізуге мүдделі жоғары буын менеджерлерін бейіні бойынша доктор дәрежесін бере отырып даярлауға арналған бағдарлама;

3) executive MBA бағдарламасы (бұдан әрі – EMBA (экзекютив ЭмБиЭй)) – бұл мақсатты аудиторияның ерекшеліктерін ескере отырып, топ-менеджерлерді даярлауға бағдарланған MBA бағдарламасы;

4) жаппай ашық онлайн-курс (бұдан әрі – ЖАОК) – электронды оқыту технологиялары қолданылатын, жаппай интерактивті қатысуға және Интернет арқылы ашық қол жеткізуғе болатын оқыту курсы;

5) MBA бағдарламасы – бизнес саласындағы заманауи білімдер мен дағдыларды менгерген, процестер мен кадрлық активтерді басқаруға, компанияның стратегиясын жасауға, стратегиялық және оперативті міндеттерді анықтай білуге және ғылыми аспаптарды қолдана отырып, оларға қол жеткізе білуге қабілетті басқарушы кадрлар даярлау бағдарламасы;

6) мультимедиа – пайдалануышыға әртекті деректермен (графика, мәтін, дауыс, бейне) жұмыс істеуге мүмкіндік беретін аппараттық және бағдарламалық құралдар кешені;

7) оқу нәтижелері – білім алушының білім беру бағдарламаларын және қалыптасқан құндылықтар мен қатынастарды менгергендігін көрсететін алған білімі, білігі, дағдылары көлемін дәлелді бағалау;

8) онлайн прокторинг – тұлғаны верификациялау және ойлайн-емтихандардан өту нәтижелерін растайтын жүйе;

9) сандық білім беру ресурстары (бұдан әрі - СБР) - бұл интербелсенді түрде оқытуды қамтамасыз ететін, оқу пәні және (немесе) модульдер бойынша дидактикалық материалдар: фотосуреттер, бейнефрагменттер, статистикалық және динамикалық үлгілер, виртуалды шынайылық пен интерактивті модельдеу нысандары, дыбыстық жазбалар мен өзге де цифрлық оқу материалдары;

10) тыютор – студентке нақты пәнді және (немесе) модульді игеруге көмектесетін академиялық консультант рөлін атқарушы оқытушы;

11) формальды емес білім беру – оқу мерзімі мен нысанын ескермesten, оқу нәтижелерін растайтын құжат беретін білім беру қызметін жүзеге асыратын үйымдардың білім беру түрі;

12) цифрлық контент – цифрлық оқу материалдарын ақпараттық (мәтіндер, графикалар, мультимедиалар және өзге де маңызды толықтырулар) толықтыру;

13) желілік технология - оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз етуді, білім алушылардың оқытушылармен және бір-бірімен интерактивтік өзара іс-қимыл нысандарын, сондай-ақ Интернет желісін пайдалану негізінде оқу процесін әкімшілендіруді қамтитын технология;

14) кейс-технология - қағаз, электронды және өзге де тасымалдағыштарда оқу-әдістемелік материалдар жиынтығына (кейстерге) және оларды өз бетінше зерделеу үшін білім алушыларға жеткізуге негізделген технология;

15) аралас оқыту – бұл білім беру үйымының білім беру порталында орналастырылған арнайы электрондық оқу материалдарын пайдаланатын дәстүрлі құндізгі оқытуды онлайн оқытумен ұштастыру негізінде білім беру процесін үйымдастыру.

6. ҚБТ мыналарға:

1) білім берудің барлық деңгейлерінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар, оның ішінде мүгедек балалар, бала кезінен мүгедектер, I және II топтағы мүгедектер болып табылатын тұлғаларға;

2) деңсаулық мүмкіндіктері уақытша шектелген және білім беру үйымдарына тұрақты баруға мүмкіндігі жоқ тұлғаларға;

3) мекемеде тиісті техникалық жағдайлар болған кезде қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын және бас бостандығынан айыруға байланысты емес жазаларға сottalғандарға;

4) техникалық және кәсіптік білім алumen жұмысты қоса атқаратын қемелет жасындағы тұлғаларға (білімі жұмыс бейініне сәйкес келген жағдайда);

5) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім беру базасындағы қысқартылған білім беру бағдарламалары және MBA (EMBA) және DBA бағдарламалары бойынша білім алушыларға;

6) аралас оқытуды қосатын жоғары немесе жоғары білім беруден кейінгі білім бағдарламалары бойынша білім алушыларға;

7) жоғары және (немесе) жоғары білім беруден кейінгі білім бағдарламалары бойынша білім алушылардың алмасу бағдарламалары бойынша мемлекеттен тыс жерлерге шыққан, "Болашақ" стипендиаттарынан бөлек білім алушыларға;

8) жоғары білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша ұзақ мерзімді шетелдік іссапардағы (2 айдан астам уақыт) білім алушыларға;

9) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша академиялық ұтқырылған бағдарламалары шенберінде білім алушыларға;

10) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқытын және мемлекеттен тыс жерлерде жүрген шетелдіктерге, оның ішінде Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын, ұлты қазақ тұлғаларға;

11) тиісті мемлекеттік органдардың шектеу шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар жағдайларында білім беру саласындағы үәкілетті органның ұсынымы негізінде қосымша білім берудің, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларға қатысты қолданылады.

7. ҚБТ осы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық білім алушандары кезінде, оның ішінде формальды емес, қосымша білім беру, қайта даярлау және біліктілігін арттыру, оның ішінде шет тілдеріне қатысты пайдаланылады.

2-тaraу. ҚБТ бойынша оқу процесін ұйымдастыру тәртібі

8. Осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген ҚБТ-ны пайдалана отырып оқуға ниет білдірген тұлғалар (6-тармақтың 11) тармақшасында көрсетілген тұлғаларды қоспағанда) ҚБТ-ны пайдалана отырып оқуға рұқсат беру туралы білім беру ұйымы басшысының атына еркін нысанда өтініш береді, оның негізінде білім беру ұйымы басшысының бүйріғы шығарылады. Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымы басшысының бүйріғы педагогикалық кеңестің шешімі негізінде шығарылады.

9. Білім беру ұйымы білім алушыны (6-тармақтың 11) тармақшасында көрсетілген тұлғаларды қоспағанда) жеке оқу жоспарымен, білім беру бағдарламасын менгеру кестесімен қамтамасыз етеді.

Білім беру бағдарламасын менгерудің жеке кестесі білім беру ұйымының оқу жоспары негізінде әзірленеді.

ҚБТ-ны пайдалана отырып, білім беру бағдарламаларын немесе олардың бөліктерін іске асыру кезінде білім беру ұйымы дербес:

1) білім алушылардың орналасқан жеріне қарамастан білім беру бағдарламаларын немесе олардың бөліктерін толық көлемде игеруін қамтамасыз ететін ақпараттық-білім беру ортасының білім беру интернет-порталының жұмыс істеуі үшін жағдай жасайды;

2) оқу процесін оқу-әдістемелік сұйемелдеуді, оның ішінде ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды пайдалана отырып қашықтықтан көрсетілетін жеке консультациялар нысанында көрсету тәртібін айқындайды;

3) педагогтің білім алушымен тікелей өзара іс-қимылды арқылы өткізілетін сабактар көлемінің және ҚБТ-ны қолдана отырып өткізілетін сабактар көлемінің арақатынасын айқындайды;

4) білім алушылардың барлық оқу, анықтамалық және әдістемелік материалдар, тестілеу жүйесі орналасқан ақпараттық жүйеге, электрондық ресурстар мен дереккөздерге қол жеткізуін қамтамасыз етеді;

5) білім беру процесіне қатысуышылардың іс-әрекетіне байланысты емес жағдайлар туындаған кезде, басқарушылық немесе өзге де шешімдер қабылдайды.

Шектеу шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар жағдайларында оқыту кезінде білім беру саласындағы уәкілетті органның ұсынымы бойынша оқыту кезінде:

1) аудиторияда педагогтың білім алушылармен тікелей өзара іс-қимылды арқылы өткізілетін оқу сабактарының болмауы;

2) мамандықтардың ерекшелігіне байланысты практика жетекшілерімен жанама (қашықтықта) өзара әрекет жасау арқылы өндірістік оқытуды және (немесе) кәсіптік практиканы толық немесе ішінәра қашықтықтан ұйымдастыру қарастырылады.

Бұл ретте білім алушыларға кәсіби құзыреттерді игеруге мүмкіндік беретін виртуалды зертханаларды, симуляторларды, тренажерлерді пайдалану қарастырылады.

Білім беру ұйымы оқу жоспарында белгіленген сағаттардың жалпы көлемін сақтай отырып, өндірістік оқыту, оқу және өндірістік практикадан өту мерзімін анықтау бөлігінде оқу процесінің кестесіне өзгерістер енгізеді.

Консультациялар жеке және топтық сабактар түрінде жүзеге асырылады.

ҚБТ ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларды оқыту кезінде оларға қол жетімді нысандарда ақпаратты қабылдау-беру жүзеге асырылады.

10. ҚБТ бойынша оқу процесін ұйымдастыру үшін білім беру ұйымдарында:

1) білім алушылар үшін оқу-әдістемелік және ұйымдастыру-әкімшілік ақпаратты қамтитын беттері бар білім беру порталы және/немесе ақпараттық жүйе;

2) Интернет желісіне қосылуды қамтамасыз ететін коммуникациялық байланыс арналары;

3) сандық білім беру ресурстары;

4) бұлтты есептеулер арқылы оқытуды немесе сервисті басқарудың желілік жүйелері;

5) білім алушылар мен тындаушылардың жеке басын сәйкестендірге арналған аутентификация жүйелері;

6) ЖЖОКБҰ-да ҚБТ бойынша оқу процесін ұйымдастыруға жауапты құрылымдық бөлімшенің болуы қамтамасыз етіледі.

11. ҚБТ бойынша оқу процесін жүзеге асыру үшін білім беру ұйымдары:

1) педагогтарды, тьюторлар мен қызметтерді қашықтықтан білім беру технологияларын іске асыру, ЦОР мен цифрлық контенттерді әзірлеу және жаңарту үшін жағдай жасайды;

2) ҚБТ (форум, чат, бейне және аудио - конференциялар) бойынша оқу процесіне қатысушылар арасындағы өзара іс - қимылды қамтамасыз етеді);

3) білім алушылар мен тындаушылардың білім беру ұйымдарының және серіктестердің электрондық ресурстарына, кітапханаларына қол жеткізуін қамтамасыз етеді;

4) білім алушыларды оқытудың цифрлық ізінің мониторингін (онлайн және оффлайн сабактарға қатысу, тапсырмалардың орындалуы, кері байланыс) жүзеге асырады.

12. СБР дайындау білім беру бағдарламаларына сәйкес оларды әзірлеушілер арқылы жүзеге асырылады. СБР-дің құрылымы мен мазмұнын білім беру ұйымдары дербес айқындайды.

13. ҚБТ қашықтықтан оқыту сабактарын онлайн режимінде, оффлайн және білім алушылардың өзіндік жұмыстарын өткізумен іске асырылады.

14. Онлайн режиміндегі оқу сабактары цифрлық технологияларды (вебинарлар, бейнеконференция, интернет желісі бойынша хабарламалар алмасу арқылы) қолдана отырып, нақты уақыт режиміндегі оқудың өзара іс-әрекеті процесін қарастырады.

Бұл ретте бұрын жазылған бейне лекцияларды пайдалану қарастырылады.

15. Оффлайн режиміндегі оқу сабактары оқытушы мен білім алушының қарым-қатынасы асинхронды өтетін (білім алушыға оқу материалын өзіне ынғайлы кез келген уақытта игеру мүмкіндігін және педагогтармен байланыс қуралдарын пайдалана отырып қарым-қатынас жасауды қамтамасыз етеді) оқудың өзара іс-әрекеті процесін көздейді.

16. Білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді

мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5191 болып тіркелген) Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың ұлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің ұлгілік қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушылардың ұлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау МЖМБС, оқу жұмыс жоспары мен бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Білім алушылардың ұлгерімін ағымдағы бақылау және аралық аттестаттау ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17657 болып тіркелген) бекітілген Тиісті ұлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің ұлгілік қағидаларына сәйкес ЖОО-ның өз бетінше әзірлеген қағидаларына сай жүзеге асырылады.

17. ҚБТ-ны пайдалана отырып, білім алушылардың ұлгеріміне ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу үшін:

1) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары тәсілін ұйым дербес таңдайтын білім алушының жеке басын сәйкестендіруді және оларды өткізу шарттарының сақталуын бақылауды;

2) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары (бұдан әрі - ЖЖОКБҰ) білім алушыны верификацијауға, білім алушының тәртібін экранмен бақылауға, сондай-ақ бүкіл емтиханды бейнетаспаға жазуға мүмкіндік беретін технологияларды, оның ішінде онлайн прокторинг технологияларын пайдалануды қамтамасыз етеді.

18. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2010 жылғы 8 ақпанды № 40 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6111 болып тіркелген) бекітілген сырттай және кешкі оқыту, сондай-ақ мәдениет және өнер, дene шынықтыру және спорт мамандықтары бойынша экстернат нысандарында білім алуға жол берілмейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары мен біліктіліктерінің тізбесіне сәйкес кадрлар даярлау кезінде білім беру ұйымы ҚБТ-ны жалпы білім беретін, жалпы гуманитарлық, жалпы кәсіптік пәндерді оқыту кезінде қолданады.

Бұл ретте ҚБТ-ны пайдалана отырып өткізілетін сабактардың көлемін білім беру ұйымы дербес айқындейдьы.

19. ЖЖОКБҰ-да академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алатын білім алушылардан және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқытын және мемлекеттен тыс жерлерде жүрген шетелдіктерден, оның ішінде Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын, ұлты қазақ адамдардан басқа жалпы орта білім бағдарламасының базасында ҚБТ-ны қолдану арқылы оқытуға рұқсат берілмейді.

20. Техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарының бітірушілерне егер жоғары білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келген жағдайда ҚБТ-ны қолдану арқылы оқытуды ЖЖОКБҰ өз бетінше айқындайды.

21. МВА бағдарламалары бойынша кадрларды даярлау үшін пәндерді оқу кезінде ҚБТ-ны пайдалануға оқудың барлық кезеңінде жалпы көлемі 30 академиялық кредиттен аспайтын және ЕМВА және DBA бағдарламалары бойынша оқудың барлық кезеңінде 15 академиялық кредиттен аспайтын жалпы көлем қарастырылады.

22. ЖЖОКБҰ-да ЖЖОКБҰ бекіткен жеке немесе басқа онлайн-платформаларда ЖОКБ іске асырылады.

23. ЖЖОКБҰ MOON онлайн-платформасына орналастырылғанға дейін курстардың оқу-әдістемелік сараптамасын ұйымдастырады және сынақтан өткізеді.

24. Білім беру үйымдары ЖАОК онлайн-платформаға өзірленген курсы орналастыруды қамтамасыз етеді және оқу процесіне жауап береді, сондай-ақ тыңдаушыға ЖЖОКБҰ атауын, тұлғаның аты-жөнін, курсың атауы мен кредиттер көлемін еркін түрде көрсетіп, сертификат береді.

25. Хореография, аспаптық орындау, авиациялық техника мен технологиялар, құрылыш, теңіз техникасы мен технологиялары, денсаулық сақтау, әскери іс, ветеринария саласындағы кадрларды даярлау үшін ҚБТ-ны қолдана отырып пәндерді оқу кезінде жоғары білім базасында оқытудың барлық кезеңінде жалпы көлемі 30-дан аспайтын академиялық кредит көзделеді.

26. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларға академиялық ұтқырлық бағдарламалары үшін пәндерді оқу кезінде жалпы көлемде оқудың барлық кезеңінде 60 академиялық кредиттен аспайтын ҚБТ қолданылады.

27. Қос дипломды білім бағдарламасын және білім алушылардың алмасу бағдарламаларын іске асыру кезінде жоғары білім беру бағдарламасы бойынша білім алушылар үшін пәндерді оқу кезінде жалпы көлемде 120 академиялық кредиттен аспайтын және магистратура білім бағдарламасы бойынша 60 академиялық кредиттен аспайтын ҚБТ қолданылады.

28. Халықтың ауруларының алдын алу мен емдеуді, санитариялық-эпидемияга қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды қамтитын әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар болған жағдайда білім алушыларға академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша және қос дипломды және (немесе) бірлескен білім бағдарламаларын іске асыру кезінде академиялық кредиттердің үлкен көлемін ҚБТ-ны қолдана отырып оқуға жол беріледі.

29. Білім беру саласындағы халықаралық шарттар (келісімдер) шеңберінде академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша ҚБТ-ны қолдана отырып, оқытуға рұқсат беру және үйымдастыру тәртібін ЖЖОКБҰ өз бетінше айқындайды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК